




FTAXP 03.81.51

<https://doi.org/10.63051/kos.2024.3.313>

*¹Дүйсенов Б.Д.  ²Мәсімханұлы Д.  ³Назиров Х.И. 
^{1,2} Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
³ «Алтын парақ» баспасы
E-mail: ¹bagdat75@inbox.ru, ²masimkhan-63@mail.ru, ³hasannazirov1@gmail.com

АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНЕН КЕЙІНГІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР: ҚАРНАҚ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан аумағында Алтын Орда және одан кейінгі кезеңде орнатылған арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеу мақсатында жүргізілген ғылыми экспедиция нәтижелері берілген. Түркістан облысы Кентау қаласына қарасты Қарнақ ауылы жанындағы Имам Бахили кесенесі (X–XI ғғ.) мен мыңжылдық «шежіре тұт» ағашы жанындағы қорым, Укаша ата кесенесіндегі арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерді салыстырмалы талдау нәтижесінде қазақтың оңтүстік өңірлеріндегі тас қашау өнерін, жазу-сызу шеберлігін, тілдік мәдениетін, діни ұстанымын, әлеуметтік ахуалын терең танып білуге болады. Зерттеу мақсаты – Қарнақ қорымы мен Укаша ата басына қойылған құлпытастардың құпиясын ашу, тың дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу. Зерттеу материалдары – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты қызметкерлерінің 2023 жылы Түркістан облысына іссапары кезінде жиналған мәліметтер. Мақалада қолданылатын зерттеу әдістері – Қарнақ құлпытастарын зерттеген материалдарды зерделеп, салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау, эпиграфикалық зерттеулерде қолданылатын ғылыми әдістердің барлығы кеңінен қолданылды. Зерттеу міндеттері – далалық экспедиция ұйымдастыру, эпиграфикалық ескерткіштердегі арабжазулы мәтіндердің түйінін шешіп, оқу, аудару, суреттерін құжаттау, тіркеуге алу, камералдық өңдеу. Зерттеу нәтижелері – Қарнақ қорымындағы төрт құлпытас пен Укаша ата кесенесіндегі бір құлпытастың мәтіндері алғаш рет толыққанды оқылып аударылды, салыстырмалы талдау жасалды.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Алтын Ордадан кейінгі қоғамның дәстүр мен мәдениетіндегі сабақтастық пен өзгерістер (Батыс Қазақстан, Еділ-Орал, Дағыстан, Хорезм аймақтарындағы эпиграфикалық ескерткіштерді салыстырмалы зерттеу)» тақырыбындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR 18574063).

Түйін сөздер: Түркістан, топоним, эпиграфика, қорым, араб жазуы, құлпытас, Қарнақ.

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстік өңірі – арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштер мен мұсылмандық мұраларымыз сақталған қасиетті өлке, қастерлі мекен. Белгілі бір кезеңдері киелі Түркістан, қасиетті Қарнақ, ордалы Отырар қалаларындағы Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи кесенелері, Имам Бахили қорымы секілді тарихи орындардың қасында жерленіп, басына құлпытас орнату мәдениеті ерекше орын алғаны әрі мұсылман баласы үшін сақралдық таным болғаны тарихтан мәлім. Түркістан облысы аумағындағы эпиграфикалық ескерткіштердің біршамасы зерттеліп жарияланды. Әйтсе де, әлі де зерттеушісін күтіп жатқан құпиялы құлпытастар баршылық.

Араб әрпімен жазылған құлпытас жазулары эпиграфика саласының маңызды бөлігін құрайды, сол өңірдің тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен этнографиясы және діни наным-

сенімдерін айқындауда маңызды роль атқарады. XIV ғасырда Алтын Орда өрлеп тұрған тұстары эпиграфиялық ескерткіштер орнату мәдениетінде арабжазулы құлпытас, қойтас, сандықтас және т.б. қабіртастар орнату дәстүрі пайда болды. Бұның барлығы қазақтың тас қашау өнері мен жазу мәдениетінің айқын белгісі. Таста тарихын жазған қазақ халқының қабіртастарында елдің білімге деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Құлпытастарда Құран аяттары, хадистер, марсийалар, элегиялық, поэзиялық өлең жолдары, шығыс шайырларының шығармаларынан үзінділер, басқа да философиялық толғамдар қашалған. Бұдан бөлек, марқұмның қысқаша өмірбаяны, оның руы, тайпасы, бөлімі, аймағы, жалпы шежіресі, таңбасы, туған-өлген мезгілі, тасты қоюшы адамның аты және т.б. жазылады. Сонымен қатар, ою-өрнек салынады, әртүрлі архитектуралық шебер шешімдер қашалады, бұның барлығы құлпытастың құнын арттыра түседі. Қазақ құлпытастары әлемдік тас қашау өнері саласында ең алдыңғы орында десе де болады. Себебі, мұнда көптеген мәдениеттер мен білім-білік, жазу, тас қашау сияқты өнерлер синкреттелген. Эпиграфиялық ескерткіштерді терең зерттеу бірнеше ғасырлар бойы бір жерде өмір сүрген тайпалардың өмірі туралы мәліметтерді ашады.

2023 жылы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты қызметкерлері Д.Е. Медерова, Б.Д. Дүйсенов және Қ.С. Құрманбаева Түркістан облысының эпиграфикалық ескерткіштерін зерттеу мақсатында Шымкент қаласы мен Түркістан облысына ғылыми экспедициямен барып қайтты. Осы экспедиция барысында табылған Қарнақ қорымының құлпытастарымен Укаша ата кесенесіндегі құлпытасты салыстырмалы зерттеу арқылы жаңа дереккөздер зерттеліп, ғылыми айналымға тартылып отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысында пайдаланылған негізгі материалдар – Түркістан облысы Кентау қалалық әкімдігіне қарасты, Қарнақ ауылы жанындағы Имам Бахили кесенесі (X-XI ғғ.) мен 1000 жылдық «шежіре тұт» ағашы жанындағы қорымының төрт құлпытасы және Қарнақ ауылынан 21 км қашықтықта орналасқан Укаша ата кесенесіндегі бір құлпытас.

Зерттеу әдістері – эпиграфикалық ескерткіштерді зерттеуде қолданылатын тарихи, деректемелік, филологиялық, палеографиялық, текстологиялық, хронологиялық, этнолингвистикалық және салыстырмалы талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Шығыс эпиграфикасы бойынша жазылған шетелдік, кеңестік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері иіні мен ретіне қарай пайдаланылды. Табылған материалдарды талқылап, талдап, саралап, жүйелеп, алынған нәтижелер бойынша ұсыныстар жасалды. Алтын Орда кезеңінен кейінгі, Жошы ұлысынан соң ұлт болып ұласқан елдердің жазба жәдігерліктерін, соның ішінде, қабір тастарындағы мәтіндерді оқу, аудару, зерттеу, салыстыру әдістері де ғылыми жұмыстың нәтижелі болуына септігін тигізді.

Талқылау

Қарнақ – орта ғасырлық Ишкан қалашығына сәйкес келеді. Тарихи қала орнында бірнеше рет зерттеу жұмыстары жасалған. Археологтар жұмыс барысында қалашықтың б.з. бірінші ғасырлары мен XVIII ғасыр аралығында әрекет еткендігін анықтаған (Туякбаев, 2009: 122). Сондай-ақ, кей ғалымдардың пікірінше, Ишкан қаласы, Шамсуддин Мұхаммед ибн Ахмед әл-Мақдисидың (946-990) «Ахсан әт-тақасим фи марифат әл-ақалим» атты еңбегінде Исбижаб (Сайрам) қаласына көршілес қалалар ретінде аты аталған «Шағылжан» (شغلجان) қаласымен бір қала деп көрсетілген (Агеева, Пацевич, 1958: 102). Мұнда ежелден мыс, шойын қорыту, қорғасын балқыту, оқ-дәрі жасау ісі жолға қойылған. Ахмет Ясауи кесенесіндегі Тайқазан XIV ғасырда осында құйылған (Байпақов, 2003: 650).

Ескі Қарнақ төрт дарбазалы, биік қорғаны бар қышпақ болған. XIII–XV ғасырда Қазақ хандығы дәуірінде маңызды қалалардың қатарына кірген. Тәуке хан (1635-1715) заманында

Қазақ даласына келген орыс елшілерінің жазбаларында Қазақ ордасының 32 қаласы бар екенін айта келе, Қарнақты да сол қалалар қатарына қосады (Артықбаев, 2018: 5; Роспись городков, 1932: 263). Қарнақ кезінде Қазақ хандығының руханияты мен мәдениеті үлес қосқан қалалардың бірі болған. Жергілікті халықтың айтуына қарағанда, Қарнақта ерте кезде 22 медресе жұмыс жасаған, оның төртеуі үлкен медресе болған. XIX ғасырдың соңында Қарнақта төрт медресе істеп тұрған. Олар: Халфе медресесі, Шамухаммед (Шәмет) ишан медресесі, Молда Хашыр медресесі, Әбілхайыр қазы медресесі (Дербісәлі, 2009: 334–335). Халфе медресесін Бұхарадағы Нақшбандия-Мужаддия сопылық тариқатының өкілі Мұсахан Дехбидиге (1709–1776) қол берген және оның «халифасы» – ізбасары атанған Қарнақтық «Қозы молда» лақабымен танылған Аймұхаммед ибн Хафиз молда салдырғаны айтылады [Хабибуллаев, 2017].

Қарнақ топонимінің этимологиясына қатысты ғалымдардың нақты бір келісімі жоқ. Қарнақ сөзінің түптөркіні туралы түрлі пікірлер айтылып келеді. Көне әдебиеттерде Қарнақ аты алғаш Махмуд Қашқаридің (1008–1105) «Диуан лұғат әт-түрік» еңбегінде кездеседі. Қашқари: «Қарнақ – оғыздардың бір қаласы» – дейді. Демек, сол кездері Қарнақ қаласы осы атпен аталған. Жалғасында: «Қарнақ ер – қарынды кісі» – деп қарнақ сөзінің мағынасына мысал келтіреді (Ал-Кашғари, 2005: 439). Осыған орай, Қарнақ елдімекені орналасқан жері, төңірегі созылып жатқан байтақ дала ортасында қарын сияқты қампыып жатқандай көрінеді (Артықбаев, 2018: 5).

Г. Қосымованың пікірінше: «М. Қашқари «қарнақ» сөзін бірінші мағынасы етіп «қарынды ер» деген тіркесті береді, бұл «бай, тойымды» деген келтірінді мағынасы бар сөз... Олай болса, атау Қарнақ қаласының тұрғындарының жақсы тұрмысы бар, бай қала екендігін көрсетеді» (Қосимова, 2018: 52).

Қарнақ топонимі *қар* және *-нақ* жұрнағының қосылуынан пайда болған деген тезис те бар. Демек, көне түркі-бұлғар тілінде *қар* – қала, қорған, бекініс деген мағынаны береді. Ал, *-нақ* – жұрнақ. Демек, Қарнақ атауы «айнала-төңірек қоршалған, мықты бекіністі қала» мәнінде қойылған болуы мүмкін (Қазақтар, 1998: 341–342).

Өзбек ғалымы Л. Каримова пікірінше, Қарнақ сөзі екі морфемадан құралған, екеуі де түркі тіліне тән сөздер. Бірінші бөлігі: *қар* негізгі сөз болып қар (жауын) деген мағынаны береді. Екінші бөлігі: *-нақ* аффиксі болса, мекен-жайларды құрастыруда жиі қолданылады. Қарнақ қаласы баяғыда ойпат жазықта орналасқан елдімекен болғандықтан қыста жауған қар біраз уақытқа дейін тұрған. Сондықтан жергілікті халық бұл қаланы «қарлы жер» мағынасында Қарнақ деп атап кеткен (Каримова, 1982: 69–70).

Ал Б.С. Қошым «Нақ» тек қана жұрнақ па?» атты мақаласында *-нақ* (*-ақ*) деген жұрнақ мекен, орын, қоныс, жер деген мағына беретінін, сонымен бірге, *қар* сөзінің түркі-монғол тілдеріндегі қар, кер, қыр сөздері тау, тас, шың мағынасын беретіндігіне тоқталады. Қарнақ – «таудағы қала», «қырдағы қоныс» деген мағынаны береді деп тұжырымдайды (Қошым-Ноғай, 1992: 6).

М. Тұяқбаев «Қарнақ топонимі мен оның этимологиясы» атты мақаласында қарнақ топонимі мен этимологиясына кеңінен тоқталып, оны ру-тайпаларының этникалық тобының атымен байланыстырады. Дереккөздерге сілтеме жасай отырып, Оғыз ханның үшінші ұлы Жұлдыз ханның Қарнақ атты баласы болғанын айта келе, оны Қарнақ қаласының атымен байланыстырады. «Оғыз тайпаларының аттары сол өздері VI–VIII, IX–XI ғғ. қоныс еткен мекендеріне беріліп бүгінге дейін жеткен деуге толық негіз бар. Солардың бірі жоғарыдағы деректерде «Қарнақ, Қарнұқ, Карнак» түрінде кездесетін Қарнақ елді мекені демекпіз» – деп қорытындылайды (Тұяқбаев, 2014: 629–631).

Ж. Артықбаев өз мақаласында Қарнақ топонимін талдап: «Сунақ – суға жақын қала, Ташанақ – тасқа жақын қала, Қарнақ – Қаратау бауырындағы, Қаратауға жақын елді мекен» (Артықбаев, 2018: 5) – деген қорытынды жасайды.

Қарнақ – көнеден келе жатқан тарихи қала. Бұған Қарнақ және жанында Имам Бахили, Сопы Қаландар, Шапар баба, Шейх Мұхаммед, Тақия ата, Хайриддин ата, Қарабура секілді киелі мазарат орындары мен ескі қорымдар дәлел.

Сондай орындардың бірі Имам Бахили зираты (X–XI ғғ.). Қарнақ ауылының шетіндегі осы көне зират аумағында үлкен боп өскен кәрі тұт ағашы бар. Жергілікті тұрғындар бұл тұт ағашын «Шежіре-тұт», «Мажратұт» деп атайды. Тұт ағашының жасы бір неше ғасырлық екені сөзсіз. Тұт діңінің диаметрі шамамен 3 метрді құрайды, шеңбер өлшемі 9 метрден асады (Кожа, 2021: 10). Аңыз бойынша, тұт ағашын VIII ғасырда Орта Азияға Исламды таратуға келген қолбасшы Құтайба ибн Мүслим (669–715) отырғызған.



1-сурет. Имам Бахили зираты қасындағы мыңжылдық «Тұт ағашы»

Әмәуи әулеті кезінде (661–750) Хоросан билеушісі болған Құтайба ибн Мүслим 705–715 жылдар арасында Мәуараннаһрда, әсіресе, түркі тайпаларының исламдануына күш салғандығымен белгілі. Әмәуи әулетінің қолбасшысы Құтайба ибн Мүслим 709 жылы Бұхараны соғыссыз алып, Самарқан, Шаш (Ташкент) қалаларын бағындырып, Исфижаб (Сайрам) шаһарына дейін келгені туралы мәліметтер бар (Большаков, 2010: 101–111). Имам Бахили мен Құтайба ибн Мүслим бір кісі екені мәлім. Өйткені, Құтайба ибн Мүслим атымен атақты болған бұл қолбасшының толық аты: Әбу Хафз Құтайба ибн Мүслим ибн Амр әл-Бахили. Арабтың «Бахила» атты руынан шыққандықтан әл-Бахили ныспысымен аталады (Үгіт, 2002: 490).

М. Қожа «Сакральное дерево» атты мақаласында келтіргендей бұл көне алып ағаш туралы алғашқы жазба дерек Ресей императорлық армиясының генерал-лейтенанты, этнограф А.К. Гейнстің (1834–1892) «Әдеби шығармалар жинағында» кездеседі. Мұнда А.К. Гейнс зират және тұт ағашы туралы жергілікті адамдардың айтқан әңгімелерін келтірген. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан соң аз уақыттан кейін Имам Бахили (Құтайба ибн Мүслим) басшылығымен келген әскерлер Қарнақ қаласын бағындырып, халықты Исламға шақырады. Имам Бахили ауылдың маңайындағы қасында тұт ағашы болған үйге орналасып, қайтыс болғанға дейін сол жерде тұрған. Имам Бахили қайтыс болған соң, сол жерге жерленгені айтылады. Түркістаннан Әзірет Сұлтан бұл жерге жиі келіп, атын тұтқа байлайтын көрінеді. Содан бері мұсылман қолбасшысының жерленген жері де, тұт ағашы да, киелі саналады (Гейнс, 1898: 303–304). Негізінде, Құтайба ибн Мүслим 716 жылы Фарғана аймағында оққа ұшқан және сол жерге жерленген (Джамал ал-Карши, 2005: 114).

Зерттеу нәтижелері

Имам Бахили қорымы 3 гектарға жуық аланды қамтиды және бұл жерде араб әрпімен жазылған құлпытастар сақталған. Қорымда 40-қа жуық құлпытас ескерткіштері осы күнге дейін жеткен, оның 4–5 тасында ғана жазулары сақталған. Көпшілігінде жазулар өшкен, құлап жатқан тастардың жерге қараған бетінде жазулар болуы мүмкін. Бұл арабжазулы тастарды оқу ұзақ уақытты талап етеді.

Қорымдағы құлпытастарға қатысты алғашқы ғылыми-зерттеу Д.С. Байгунаков пен Г.Е. Сабденовалардың «Мусульманские надгробные памятники Карнак (Туркестанская область) как историко-археологический источник» атты мақаласында жарияланды (Байгунаков, Сабденова: 2021: 167–178). Мақалада қорымдағы құлпытастардың формалары кеңінен зерттеліп, 9 топқа топтастырып қарастырылған. Ал, құлпытастардағы эпиграфикалық мәтіндерді оқуға аса назар аударылмаған. Тек 4, 5, 6, 7 – суреттерде көрсетілген құлпытастардағы мәтіндер шамалы оқылған.

Біз бұл мақаламызда аталған қорымдағы төрт құлпытас пен Қарнақ ауылынан 21 км қашықтықта орналасқан Укаша ата кесенесіндегі бір құлпытастағы эпиграфикалық мәтіндердің мағынасын ашуға тырысамыз.



2-сурет. Иесі белгісіз №1 құлпытастың алдыңғы беті

1. *Құлпытас*. Төрт бұрышты, ұзындығы 175 см, биіктігі 75 см. Алдыңғы бетінің жоғары жағына араб әрпімен үлкен шрифтімен ойып жазылған мәтін бар, бас жағы өшіп қалған. Сондай-ақ, екінші қатарда да жазу болғаны байқалады. Бірақ өкінішке орай сақталмаған. Басқа беттерінде жазу немесе ою-өрнек жоқ.

Алдыңғы беттегі арапша мәтін: [محمد عربى لا إله إلا الله محمد رسول الله...]. Мағынасы: «...Араби Мұхаммед. Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Алланың расулы». Бұл жазудың төменгі оң жағына ашық алақан мен қайшы ойып, бедерлеп салынған. Құлпытастарда көп кездесетін ою-өрнектер мен суреттелген түрлі заттардың өзіндік мағынасы болады. Әдетте қайтыс болған кісінің руын, кәсібін, атағын көрсетеді. Құлпытастағы ашық алақан – марқұмның діни тұлға болғандығын, қайшы – оның кәсібін (яғни тігіншілік кәсіп иесі екенін) меңзейді (Нұрдәулетова, Нұржан, 2022: 65). Діни тұлғалардың құлпытастарына ашық алақан (бес саусақ ашық түрінде) бейнеленуі сопылық философиясында «білінбейтін бес нәрсе» (*Мұғайабат хамса*) деп аталатын Алладан басқа ешкім білмейтін бес нәрсені меңзеуі ықтимал. Ол туралы Құранда Лұқман сүресінің 34-аятында баяндалған. Олар: 1) Қиямет күні қашан болатыны; 2) Қанша мөлшерде жауын жауатынын; 3) Жатырдағының ұл немесе қыз

екенін; 4) Адам ертең не табатынын; 5) Адам қай жерде өлерін білмейді. Сонымен қоса, ашық алақан – Исламның бес шарты немесе «дүние өмірінен ақыретке мал-дүние алып кетпеді, ашық алақанмен кетті» деген ұғымның образды бейнеленуі.

Д.С. Байгунаков пен Г.Е. Сабденова мақаласында бұл түрдегі құлпытастарды «Түркістан» типті құлпытастар деп атап, 3-ші топта қарастырған. Қорымда осы түрдегі 30-дан астам құлпытас сақталған, ең көп кездесетін құлпытас түрі де осы. Көбісінің бұрыштары немесе басқа да бөліктері қираған. Сондықтан ою-өрнектер мен жазулары толық сақталмаған. Кейбірінде мүлде жазу жоқ (Байгунаков, Сабденова, 2021: 170).



3-сурет. № 2 құлпытастың алдыңғы беті



4-сурет. № 2 құлпытастың артқы жағы



5-сурет. № 2 құлпытастың үстіңгі жағы

2. *Құлпытас*. Екі сатылы құлпытастар тобына жататын бұл құлпытастың үстіңгі пішіндері шағын. Алдыңғы, артқы және үстіңгі жақтарында араб әрпімен жазылған жазба бар. Екі сатылы бұл құлпытастың үстіңгі бөлігінде (жоғары сатысы) марқұмның аты жазылған: [ابن كوج محمد] «ибн Көш Мұхаммед». Негізгі төменгі бөлігінің (төменгі сатысы) алдыңғы беті ортасы ойылған, шеті рамка секілді жасалған. Ойып алынған жерімен шетіндегі рамкаға Құрандағы Бақара сүресінің 255-аятының (Аят әл-Курси)¹³ негізгі бөлімі жазылған.

Орта жағындағы 3 қатар жазба:

1. بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا
2. تَأْخُذُهُ سِنَةٌ وَلَا نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمَوَاتِ وَمَا
3. فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ

Аяттың жалғасы жол жақ рамкада төменнен жоғары қарай жазылған:

1. مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا

Жалғасы жоғары рамкада жалғасады:

1. خَلْقُهُمْ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ > وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ

Жалғасы төбе жағында жалғасады. Төбе жағында екі қатар жазу бар:

1. وَلَا يَؤُدُّهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ. بِرَحْمَتِكَ يَا أَرْحَمَ
2. الرَّحْمِينَ ١٢ ...

Артқы жағында тігінен үлкен шрифтпен жазылған 9 қатар жазба бар. Кей жерлері сынған, жазулары өшіп қалғаны байқалады. Артқы бетіне Ислам әдебиеттерінде кездесетін «калима таухид»¹⁴ және «калима шаһадат»¹⁵ деп аталатын екі дұға мәтіні жазылған.

¹³ Бақара сүресі 255-аяты (Аят әл-курси) мағынасы: «Алла, Одан басқа еш тәңір жоқ. Ол тірі, толық меңгеріп тұрушы, Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оған тән. Оның құзырында өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді? Олардың алдарындағыны да, арттарындағыны да біледі. Олар, Оның қалауынан басқа еш нәрсе білмейді. Оның күрсісі (білімі) көктер мен жерді сыйдырады. Оған, ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Және Ол, өте биік, аса зор».

¹⁴ Калима таухид мағынасы: «Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Алланың расулы».

1. لا إله إلا الله
2. <محمد> ر
3. <سول الله>
4. <أشهد>
5. أن لا إله إلا
6. <الله> وأشهد
7. <أن> محمدا
8. عبده ور
9. سوله

Д.С. Байгунаков пен Г.Е. Сабденовалардың мақаласында бұл түрдегі құлпытастар «үстіңгі пішіндері шағын екі сатылы құлпытас» категориясында 6-шы топта қарастырылған. Бұл түрдегі құлпытастар екі бөліктен тұрады және үстіңгі бөлігі кішірек болып келеді. Алдыңғы, артқы және жоғары бетінде де жазулар бар (Байгунаков, Сабденова, 2021:172).



6-сурет. № 3 құлпытастың алдыңғы беті

¹⁵ Калима шаһадат мағынасы: «Мен куәлік етемін Алладан басқа құдай жоқ. Мен куәлік етемін Мұхаммед Оның құлы және расулы».



7-сурет. № 3 құлпытастың оң жақ қыры

3. *Құлпытас*. Екі бөліктен тұратын тік төрт бұрышты бұл түрдегі құлпытастардың төбесінде шар немесе күмбез тәрізді төбешігі бар. Төменгі жағында тіреуіші болып төңкерілген «Г» әріпі пішінінде жасалған. Жоғарыда аты аталған мақалада бұл құлпытасты екі бөліктен тұратын құлпытастар деп атап 5-ші топта қарастырған. Бұл қорымда ең көп кездесетін құлпытас түрі осы (Байгунаков, Сабденова, 2021: 172). Алдыңғы жағымен оң және сол жақ беттерінде жазуы бар. Артқы жағында жазу жоқ. Жазбаның көбі өшіп қалған. Бұл құлпытастың бір ерекшелігі дінгектің жоғарғы төрт бұрышынан бірдей үш бұрыш етіп кесілген.

Алдыңғы бетінде алты қатар жазу бар. Өкінішке орай барлығын оқу мүмкін емес.

1. ...
2. ...
3. ملا شاه يوسف
4. ... أحمد
5. ...
6. سنة

Оқылуы: «... Молла Шах Йусуф... Ахмед... жыл».

Оң жақ бетінде он бір қатарда Бақара сүресінің 255-аятының (Аят әл-Курси) жазылған, алғашқы алты қатарын оқуға болады. Төменгі жағындағы жазбалар өшіп кеткендіктен оқылмайды.

1. بسم الله الرحمن الرحيم
2. الله لا إله إلا هو الحي


3. القيوم لا تأخذه سنة
4. ولا نوم له ما في السماوات
5. وما في الأرض من ذا الذي
6. يشفع عنده إلا بإذنه يعلم ما
7. <بين أيديهم وما خلفهم>
8. <ولا يحيطون بشيء من علمه إلا>
9. بما شاء وسع كرسيه
10. السماوات والأرض ولا يؤوده
11. حفظهما وهو العلي العظيم

Сол жақ бетінде де жазу болғаны байқалады бірақ өшіп кеткендіктен оқылмайды.



8 – сурет. № 4 құлпытасының оң жақ қыры.

4. Құлпытас. Бұл құлпытас да жоғарыда айтылған құлпытас формасында болып, тік төрт бұрышты дінгектің төбесі күмбез секілді жасалған. Жазбалар дерлік өшіп кеткен. Тек бір бетінде 10-11 қатарда Бақара сүресінің 255-аятының (Аят әл-курси) жазылғаны байқалады.



9 – сурет. Укаша ата кесенесіндегі құлпытас.

5. *Құлпытас*. Укаша ата кесенесінде ұзындығы 21 м сағананың (қабір) бас жағына жапсырылған құлпытас бар. Құлпытастағы жазба екіге бөлінген. Жоғары жағында төменнен жоғарыға қарай жазылған бес қатар және төмен жағында негізгі жеті қатар жазба бар.

Жоғары жағында төменнен жоғарыға қарай жазылған бес қатар:

1. كاميل قارى
2. بركان
3. اوستا عمر بيك
4. دعاء طمع دار

Мағынасы: «Камил қари Біржан. Ұста Омарбек. Дұға дөметуші».

Негізгі жеті қатар жазу:

1. سنة ١٣٤٧. 1950 г.
2. بسم الله الرحمن الرحيم
3. لا إله الا الله
4. محمد رسول الله
5. لا حول ولا قوة
6. الا بالله العلي العظيم
7. أبو بكر عمر

Мағынасы: «1950 ж. 1348 жыл. Аса қамқор ерекше мейрімді Алланың атымен. Алладан басқа құдай жоқ. Мұхаммед оның Елшісі. Алланың күш-қуатынан асатын ешқандай күш-қуат жоқ. Әбу Бәкір, Омар».

Бұл құлпытастағы жазудың жылына қарасақ, 1950 жылы жазылғаны байқалады. Екінші қатардағы «бисмилла» жазуы ерекше каллиграфиялық тәсілде: «*сулус мусәлсәл*» хатымен яғни, барлық әріптерді бір-біріне жалғап жазылғаны көрініп тұр. Бірақ құлпытаста Укаша атаға қатысты мәлімет жоқ. Негізі Укаша есімі сахаба *Уккаша ибн Михсан* [عكاشة بن محسن] (588-632) атымен байланысты. Батылдығымен атақты болған *Уккаша ибн Михсан* Орта Азия

аймағына келмеген. Укаша ата культінің кеңінен жайылуы Түркі халықтарының исламдану кезеңімен байланысты болуы ықтимал. Сондықтан да *‘Уккаша ибн Михсан* кесенесі Қазақстан, Өзбекстан, Ауғанстан мен Түркия елдерінде де кездеседі. Қарнақ ауылы маңайындағы Укаша ата кесенесі бірнеше рет қайта салынды. Кеңес өкіметі тұсында дінге қарсы күрес жүріп жатқанда киелі орын бірнеше рет қираған. Соңғы рет 1986 жылы дінге қарсы кезекті науқанға байланысты болған, сол кезде барлық ғимараттар бұзылған. 90-жылдардың басында кешен қайта салынды (Маликов, 2015: 58–61). Соңғы қайта жөнделген кезде қабірінің бас жағындағы құлпытас та қойылғаны белгілі. Бұл құлпытасты кесене маңайындағы зираттан алған болуы да ықтимал.

Қорытынды

Қарнақ қорымы мен Укаша ата кесенесінің арабжазулы эпиграфикалық ескерткіштерін зерттеу мақсатында 5 нысан қарастырылды. Қорымдағы әрбір құлпытастың жан жағының суреттері түсіріп алынды. Алдымен алдыңғы беті, сосын оң жақ қыры, сол жақ қыры және артқы жағының фотолары түсіріліп тіркелді, одан соң араб жазулы мәтіні сыни мәтін ретінде араб графикасында терілді. Оның астында қазіргі қазақ тіліне аудармасы жасалды.

Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі құлпытастардағы мәліметтер мен көркем ескерткіштер қазақ ғылымының сан саласын зерттеуге қажетті тың материалдар болып табылады. Құлпытасқа қашалған ашық алақан суретінің мәні мен мазмұны алғаш рет айқындалды. Алақанның суретін қашау себебін екі мағынада түсіндіруге тырыстық:

1) құлпытасқа ашық алақан (бес саусақ ашық түрінде) бейнелеу сопылық философиясындағы «білінбейтін бес нәрсе» (*Мугайабат хамса*) Құранның Лұқман сүресінің 34-аятында баяндалған ұғымдар болуы мүмкін екендігін алға тартамыз.

2) құлпытасқа ашық алақан бейнелеудің екінші нұсқасы – Исламның бес шарты немесе «дүние өмірінен ақыретке мал-дүние алып кетпеді, ашық алақанмен кетті» деген ұғымның образды бейнеленуі болуы мүмкін.

Сонымен қатар, құлпытастың Қарнақ қорымында кездесетін ерекшелік төңкерілген «Г» әрпі пішініндегі құлпытастардың қойылуы айрықша назар аудартады. Бұдан бөлек, құлпытастардың басым көпшілігінде Құранның Бақара сүресінің 255-аяты (Аят әл-Курси) жазылған. Қарнақ құлпытастарында байқағанымыздай марқұмның руы, тайпасы жазылмаған. Құлпытастарда араб жазу каллиграфиясының куфи, насх үлгілері қолданылғанын көруге болады.

Біз эпиграфикалық ескерткіштердің арабжазулы мәтінін аударып, мұндағы Құран аяттары, хадистер, діни, элегиялық мазмұндағы жазбаларды айқындап, шығыстану ғылымының көшіне жаңа материалдар қостық. Алтын Орда және одан кейінгі кезеңдегі түркітілдес елдердің тарихы мен мәдениетіне қосылған жаңа деректер деп білеміз. Келешекте зерттелетін жұмыстар жоспарлы түрде жалғасын табады деп сенім білдіреміз.

Әдебиеттер:

Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института Истории, Археологии и Этнографии Каз.ССР. Т. V. Археология. Алма-Ата: 1958. С. 3–215.

Ал-Кашгари М. Диван Лугат ат-Турк. / Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмерсом. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 1288 с.

Артықбаев Ж. Қарнақ құпиясы: тарих және сабақтастық // Егемен Қазақстан. № 56. 26.03.2018. 5 б.

Байгунаков Д.С., Сабденова Г.Е. Мусульманские надгробные памятники Карнак (Туркестанская область) как историко-археологический источник // Поволжская археология. № 4 (38), 2021. С. 167–178.

Байпақов К. Қарнақ // Қазақстан. Ұлытық энциклопедиясы. Бас ред.: Б. Аяған. 5-том. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. 720 б.

Большаков О. История Халифата. т. IV. Москва: «Восточная литература» РАН, 2010. 367 с.

Гейнс А.К. Собрание литературных трудов Александра Константиновича Гейнса. Т. II. Санкт-Петербург: Типография М.М. Стасюлевича, 1898. 743 с.

Дербісәлі Ә. Қазақстан мешіттері мен медреселері. Алматы: «Аруна», 2009. 496 б.

Джамал ал-Карши. ал-Мулхакаг би-с-сурах (Упоминание о некоторых знаменитых правителях и вазирях) // История Казахстана в персидских источниках. Отв. ред. А. К. Муминов. Введение, пер. с арабско-персидского, коммент., текст, факсимиле Ш. Х. Вохидова, Б. Б. Аминова. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 416 с.

Yiğit İ. Kuteybe b. Müslim // TDV İslâm Ansiklopedisi. 26. Cilt. Ankara: TDV İslâm Araştırmaları Merkezi, 2002. S. 490–491.

Каримова Л. Ўзбек тилида топонимларнинг ўрганилиши. Тошкент: «Фан» нашриёти, 1982. 96 б.

Кожа М. Сакральное дерево // Казахстанская правда. № 94 (29471). 21.05.2021. 10 с.

Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. VIII том. Алматы: Қазақстан даму институты, 1998. 480 б.

Қосымова Г. Тарихи атаулардың этимологиясы (жер-су атаулары мен тайпа аттары). Алматы: 2018. 159 б.

Қошым-Ноғай Б.С. «Нақ» тек қана жұрнақ па? // «Ана тілі» газеті. 21-28.05.1992.

Маликов А. Святилище Укаша-ата в Южном Казахстане и ее аналогии в Центральной Азии // Известия национального центра археологии и источниковедения. №2. 2015. С. 55–63.

Нұрдәулетова Б.И., Нұржан А.С. Жерлеу орындарындағы суреттердің сакралды семантикасы (Маңғыстау аймағы мысалында) // «Керуен» ғылыми журналы. №3. 76-том. 2022. 61–76 б.

Роспись городков Казачьей орды по пути от Тобольска до Туркестана // Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР. Москва: Типография Академии Наук СССР, 1932. С. 262–267.

Туякбаев М. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII–XIX вв.). Алматы: ТОО «Эффект», 2009. 208 стр.

Туякбаев М. Қарнақ топонимі мен оның этимологиясы // Археологияның шыңына шыққан: К.А. Ақышевтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Қазақстан территориясындағы ежелгі және ортағасырлық мемлекеттер» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. Алматы: 2014. 698 б.

Хабибуллаев А. Қарнақ Халфа медресесі жайлы не білеміз? // Ғалымның хаты. 13.03.2017. [Интернет желі]. Қол жетімді: <https://kozhal.ar.kz/20173963-qarnaq-halfa-medresesi-zhajly-ne-bilemiz>. [Көрілген күні: 22.08.2024].

References:

Ageeva E.I., Pacevich G.I. (1958). Iz istorii osyodlyh poselenij i gorodov Yuzhnogo Kazahstana [From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan] // Trudy Instituta Istorii, Arheologii i Etnografii Kaz.SSR. T. V. Arheologiya. Alma-Ata. P. 3–215. (in Rus.)

Al-Kashgari M. (2005). Divan Lugat at-Turk [Divan Lugat at-Turk] / Perevod, predislovie i kommentarii Z.-A. M. Auezovoj. Indeksy sostavleny R. Ermersom. Almaty: Dajk-Press. 1288 p. (in Rus.)

Artyqbaev Zh. (2018). Qarnaq qupiyasy: tarih zhane sabaqtastyq [The secret of Karnak: history and continuity] // Egemen Qazaqstan. № 56. 26.03. 5 p. (in Kaz.)

Bajgunakov D.S., Sabdenova G.E. (2021). Musul'manskie nadgrobnye pamyatniki Karnak (Turkestantskaya oblast') kak istoriko-arheologicheskij istochnik [Muslim tombstones of Qarnaq (Turkestan region) as a historical and archaeological source] // Povolzhskaya arheologiya. № 4 (38). P. 167–178. (in Rus.)

Bajpaqov K. (2003). Qarnaq [Qarnaq] // Qazaqstan. Ulytтыq enciklopediyasy. Bas red.: B. Ayaghan. 5-tom. Almaty: «Qazaq enciklopediyasynyng» Bas redakciyasы. 720 b. (in Rus.)

Bol'shakov O. (2010). Istoriya Halifata [The history of the Caliphate]. t. IV. Moskva: «Vostochnaya literatura» RAN. 367 s. (in Rus.)

Derbisali A. (2009). Qazaqstan meshitteri men medreseleri [Mosques and madrasas of Kazakhstan]. Almaty: «Aruna». 496 b. (in Kaz.)

Dzhamal al-Karshi. (2005). al-Mulhakat bi-s-surah (Upominanie o nekotoryh znamenityh pravatelyah i vaziryah) [al-Mulhakat bi-s-surah (Mention of some famous rulers and wazirs)] // Istoriya Kazahstana v persidskih istochnikah. Otv. red. A. K. Muminov. Vvedenie, per. s arabsko-persidskogo, komment., tekst, faksimile SH. H. Vohidova, B. B. Aminova. Almaty: Dajk-Press. 416 p. (in Rus.)

Gejns A.K. (1898). Cobranie literaturnyh trudov Aleksandra Konstantinovicha Gejnса [Collection of literary works by Alexander Konstantinovich Gaines]. T. II. Sankt-Peterburg: Tipografiya M.M. Stasyulevicha. 743 p. (in Rus.)

Habibullaev A. (2017). Qarnaq Halfa medresesi zhajly ne bilemiz? [What do we know about Karnak Halfa madrasa?] // Ghalymnyng haty. 13.03.2017. [Internet zheli]. Qol zhetimdi: <https://kozhal.ar.kz/20173963-qarnaq-halfa-medresesi-zhajly-ne-bilemiz>. [Kerilgen kyini: 22.08.2024]. (in Kaz.)

Karimova L. (1982). Ўzbek tilida toponimlarning ўrganilishi [The study of toponyms in Uzbek]. Toshkent: «Fan» nashriyoti. 96 p. (in Uzb.)

Kozha M. (2021). Sakral'noe derevo [The Sacred Tree] // Kazahstanskaya pravda. № 94 (29471). 21.05. 10 p. (in Rus.)

Malikov A. (2015.). Svyatilishche Ukasha-ata v Yuzhnom Kazahstane i ee analogii v Central'noj Azii [The Ukasha-ata Sanctuary in Southern Kazakhstan and its analogues in Central Asia] // Izvestiya nacional'nogo centra arheologii i istochnikovedeniya. № 2. P. 55–63. (in Rus.)

Nurdauletova B.I., Nurzhan A.S. (2022). Zherleu oryndaryndaghy suretterding sakraldy semantikasy (Mangystau ajmaghy mysalynda) [Sacral semantics of images at burial sites (on the example of the Mangystau region)] // «Keruen» ghylymi zhurnaly. № 3. 76-tom. P. 61–76. (in Kaz.)

Qazaqtar. Kopshilikke arnalghan toghyz tomdyq anyqtamalyq [Kazakhs. A nine-volume handbook for the general public]. VIII tom. Almaty: Qazaqstan damu instituty, 1998. 480 p. [(in Kaz.)

Qoshym-Noghaj B.S. (1992). «Naq» tek qana zhurnaқ pa? // «Ana tili» gazetі. 21-28.05.1992. (in Kaz.)

Qosymova G. (2018). Tarihi ataulardyng etimologiyasy (zher-su ataulary men tajpa attary) [Etymology of historical names (place and water names and tribe names)]. Almaty. 159 p. [in (in Kaz.)

Rospis' gorodkov Kazach'ej ordy po puti ot Tobol'ska do Turkestana [Painting of the towns of the Cossack Horde on the way from Tobolsk to Turkestan] // Materialy po istorii Uzbekskoj, Tadzhikskoj i Turkmenskoj SSR. Moskva: Tipografiya Akademii Nauk SSSR, 1932. P. 262–267. (in Rus.)

Tuyakbaev M. (2009). Istoricheskaya topografiya i razvitie gorodov i poselenij Turkestantskogo oazisa (XIII-XIX vv.) [Historical topography and development of cities and settlements of the Turkestan oasis (XIII–XIX centuries)]. Almaty: TOO «Effekt». 208 p. (in Rus.)

Tuyaqbaev M. (2014). Qarnaq toponimi men onyng etimologiyasy [The toponym Qarnaq and its etymology] // Arheologiyanyng shыngyna shyqqan: K.A. Aqyshevtыng tughanyna 90 zhyl

toluyna arnalghan «Qazaqstan territoriyasyndaghy ezhelgi zhane ortaghasyrylyq memleketter» atty halyqaralyq ghylymi konferenciya materialdarynyng zhinaghy. Almaty. 698 p. (in Kaz.)

Yiğit İ. (2002). Kuteybe b. Müslim // TDV İslâm Ansiklopedisi. 26. Cilt. Ankara: TDV İslâm Araştırmaları Merkezi. S. 490–491. (in Tur.)

¹Дюсенов Б.Д. ²Масимханулы Д. ³Назирова Х.И.

^{1,2} *Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан*

³ *Издательство «Алтын парак»*

E-mail: ¹bagdat75@inbox.ru, ²masimkhan-63@mail.ru, ³hasannazirov1@gmail.com

ПИСЬМЕННЫЕ ПАМЯТНИКИ ПОСТЗОЛОТООРДЫНСКОГО ПЕРИОДА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ КАРНАКСКИХ ЭПИГРАФИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ

Аннотация. В статье представлены результаты научной экспедиции, проведенной с целью изучения арабописьменных эпиграфических памятников Золотой Орды и постзолотордынского периода, хранящихся на территории Казахстана. В результате сравнительного анализа арабописьменных эпиграфических памятников некрополя возле мавзолея имама Бахили села Карнак города Кентау Туркестанской области (X-XI вв.) и мавзолея Укаша ата, можно глубоко узнать казахское камнерезное искусство, письменность и арабски, языковую культуру, религиозную позицию, социальную обстановку в южных регионах. *Цель* исследования – дешифровка кулпытасов (надмогильные памятники) Карнакского некрополя и Укаша ата, введение в научный оборот новонайденных источников. Материалы исследования – кулпытасы, собранные во время командировки сотрудников Института востоковедения им.Р. Б. Сулейменова в Туркестанскую область в 2024 году. Методы исследования – изучение материалов, тексты эпитафии Карнака, сравнительно-сопоставительный анализ, широко применялись все научные методы, применяемые в эпиграфических исследованиях. Задачи исследования – организация полевой экспедиции, дешифровка, чтение, перевод, документирование, регистрация, камеральная обработка арабописьменных текстов на эпиграфических памятниках. Результаты исследования – впервые полностью прочитаны и переведены тексты четырех кулпытасов Карнакского некрополя и одного кулпытаса мавзолея Укаша ата, проведен сравнительный анализ.

Благодарность. Статья выполнена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Преимственность и трансформации в традициях и культуре постзолотоордынских обществ (сравнительное изучение эпиграфических памятников Западно-Казахстанского, Волго-Уральского, Дагестанского, Хорезмского регионов)» (индивидуальный регистрационный номер: BR 18574063).

Ключевые слова: Туркестан, Карнак, эпиграфика, некрополь, арабская письменность, кулпытас, топоним.

¹Dyussenov B.D. ²Massimkhanuly D. ³Nazirov H.I.

^{1,2} *R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan*

³ *Altyn Parak Publishing House*

E-mail: ¹bagdat75@inbox.ru, ²masimkhan-63@mail.ru, ³hasannazirov1@gmail.com

WRITTEN MONUMENTS OF THE POST-GOLDEN HORDE PERIOD: A COMPARATIVE ANALYSIS OF KARNAK EPIGRAPHIC MONUMENTS

Abstract. The article presents the results of a scientific expedition conducted to study the Arabic epigraphic monuments of the Golden Horde and the post-Golden Horde period, stored on the territory of Kazakhstan. As a result of a comparative analysis of the Arabic-written epigraphic monuments of the necropolis near the mausoleum of Imam Bakhili of the village of Karnak in the city of Kentau of Turkestan region (X-XI centuries) and the mausoleum of Ukasha ata, one can deeply learn Kazakh stone-carving art, writing and arabesques, linguistic culture, religious position, social situation in the southern regions. The purpose of the study is to decipher kulpytas (tombstone monuments) Karnak necropolis and Ukasha Ata, introduction to the scientific circulation of newly discovered sources. The research materials are kulpytas collected during a business trip of the staff of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies to the Turkestan region in 2024. Research methods – the study of materials, the texts of Karnak's epitaph, comparative analysis, all scientific methods used in epigraphic research were widely used. The objectives of the research are the organization of a field expedition, decryption, reading, translation, documentation, registration, and desk processing of Arabic texts on epigraphic monuments. The results of the study – for the first time, the texts of four kulpytas of the Karnak necropolis and one kulpytas of the Ukasha Ata mausoleum were fully read and translated, a comparative analysis was carried out.

Acknowledgement: The article was carried out within the framework of the project of program-targeted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic “Continuity and transformation in the traditions and culture of post-Golden Horde societies (comparative study of epigraphic monuments of the West Kazakhstan, Volga-Ural, Dagestan, Khorezm regions)” (individual registration number: BR 18574063).

Keywords: Turkestan, Karnak, epigraphy, necropolis, Arabic script, kulpytas, toponym.

Авторлар туралы мәлімет:

Дүйсенов Бағдат Даниярұлы, педагогика ғылымдарының магистрі, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан.

Мәсімханұлы Дүкен, ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры, филол.ғ.д., Алматы, Қазақстан.

Назирова Хасан Ибадуллаұлы, «Алтын парак» баспасының редакторы, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Дюсенов Багдат Даниярович, магистр педагогических наук, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан.

Масимханулы Дукен, Генеральный директор Института востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, д.филол.н., Алматы, Казахстан.

Назирова Хасан Ибадуллаевич, редактор издательства «Алтын парак», Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Dyussenov Bagdat Daniyarovich, master of Pedagogical Sciences, R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan.

Massimkhanuly Duken, the General Director of the R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Almaty, Kazakhstan.

Nazirov Hasan Ibadullayevich, Editor of the publishing house «Altyn paraq», Almaty, Kazakhstan.